Мұнайлы өлке
Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады
www.mmg.kz
"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті
№03 (90), наурыз, 2017 жыл

# НАУРЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

*"Көзің барда Маңғыстауды көріп қал".*
*Әбіш Кекілбаев.*

# КЕЛ, КӨРІСЕЙІК!

**Адамның адам көңілін аулап, қас-қабағына қарауды бесігінен берік ұстанып, ашылған құшақ, төгілген тілекпен өмір сүруді – тіршіліктің салтына айналдырған. Жылы сөз, ақ бата, арлы әрекет, имандылық пен әділ шешім, шыншыл уәде, селкеусіз серттi – әрбір қазақ табиғатынан Кісіліктің туы етіп ұстаған. «Бір күн дәмдеске қырық күн сәлем», «Бір қазаннан дәм татқан – бір туғаннан несі кем?», «Қазаны біргенің амалы бірге», т.с.с. татулық пен бірлікке, құт-береке, тоқшылыққа, жасампаздық пен жан тазалығына үндейтін ұлттың ұлы мейрамы әне-міне дегенше келіп жетті.**

**Қыстан қалжырап шыққан қазақ жаздан жақсылық пен молшылық тілеп, таң рауандап атысымен ағайын-туыс, жекжат-жұрағатпен көрісіп, бір-біріне аман-есендік тілеп, мәре-сәре болады. Қазақтың үйге келген қонаққа: «Наннан ауыз ти, ағарғаннан ауыз ти» деп қиыла қарағаны – «Барымды бөлісіп, бауыр болғым келеді» дегені ғой. Осы ақ-адал дәстүрді жөргекте жатып-ақ жадымызға тоқып, есейе келе ол Маңғыстауға деген махаббатымызды арттырды. Амал келді, жыл келді!**







Амал мерекесін "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының ұжымы бүткіл сән-салтанатымен қарсы алды. Таңның атысы кең ғимараттың фойесі ақжарма тілек, ыстық-ықыласқа толды. Көл көсір дәмді ырыс үзілмегей деген ырыммен жайып тастаған дастарханды әсем қыз-келіншектердің қабағына қарап тойғандайсың. Бүрмелі көйлек, оюлы қамзолын киіп, шашақты орамалын әдемілеп салған арулардан көз сүрінеді. Жүрек жылиды. Өткен жылдағы өкпе-реніштерін ұмытып, мәре-сәре. "Жаңа жылыңмен" деген жадыраңқы жүз. Ағыл-тегіл, көл-көсір қуаныш. Бір бірімен қол қауыштырып, құшақ жайысқан әріптестер сағат 9.00-дан аса ұйымдасқан түрде ғимараттың мәжіліс залын толтырды.

Басқарма басшысы Бақыт Иманбаев, Пэй Цзяньшэн және "Маңғыстау-мұнайгаз" АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы" қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдынов жиналған жұртшылықпен көрісіп, ұжымды амал мерекесімен құттықтады:

–Құрметті әріптестер! Барлықтарыңызды келіп жеткен Амал мерекесімен құттықтаймын. Халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Олай болса, Амал мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін,амалдан амалға аман жетейік,- деген ізгі тілек арнады.

Биылғы Амалдың өзге жылдан ерекшеленгені - Маңғыстауда өнер сапарымен жүрген ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, әнші, сазгер Елена Әбдіқалықованың сүйікті көрермендерімен жүздесуі болды. Алыстан Ақтау шахарына арнайы келген талантты композитор, танымал орындаушы Светқали Нұржанның сөзіне жазылған "Маңғыстау", М.Мақатаевтың сөзіне жазылған "Есіңе мені алғайсың", өзінің "Көздеріңе ғашықпын", "Мені біреу сүйсе деймін жәй ғана" атты әсем әндерін шырқап, бүгінгі Амалдың абыройын асырды.

* * *

# Мұнайшылар жыл басымен қауышты








**Жер-дүние жаңарып, күн мен түн теңеліп, шадыман шаттығын ала келетін көктем мерекесі – Ұлыстың ұлы күнін тойлауды дәстүрге айналдырған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы биыл да Әз-Наурызды кең көлемде тойлап, ізгілік мен татулық, ынтымақ пен ырыс бастау алатын жыл басымен қауышты.Бейбітшілік пен құт-берекенің арқауы болған Ұлыстың ұлы күнінде «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындамерекеге лайықталған сахна құрылып, киіз үйлер тігіліп, қазан-ошақ асылып, кең дастархан жайылды.**

Думанды тойда арнайы жұмыс киімін ұлттық киімдерге алмастырған мұнайшылар иық түйістіріп, қол алысып көрісіп, «Амал оң болсын!», «Жыл құтты болсын!», «Ұлыстың ұлы күнімен!» деп бір-бірін құттықтап жатты. Мерекелік көңіл- күймен думандатқан ауыл тұрғындарын, мұнайшыларды, сала ардагерлерін құттықтау лебіздері айтылды. Жетібай ауылының әкімі Қуаныш Асанов, Мұнайшы ауылының әкімі Руслан Джулбаев Қарақия ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып отырған «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының ұжымына зор алғысын білдірді. Еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің мерекесімен құттықтап, жер байлығын ел игілігіне айналдырған мұнайшылардың еңбегіне табыс, отбасыларына бақ-береке тіледі.

– Құрметті, ағайын, мұнайшылар! Сіздерді тарихи тамыры тереңге бойлаған Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаймын! Ақ пейіл жұртымыз бұл күні ақ дастархан жайып, ақ тілекпен қарсы алып, елдің тыныштығын, халықтың ынтымағын тілейді. Күн мен түн теңеліп, қыстың көбесі сөгіліп, жер - дүние жаңаратын жаңа жыл басы елімізге молшылық пен құт-береке, ырзық-несібесін ала келеді. Ұлан- байтақ Қазақ елінің халқы жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтап, Ұлыстың ұлы күнін тойлайды. Қазақтың

(Жалғасы 2-бетте)



(Соңы. Басы 1-бетте)

сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Ұлттық құндылықтарымызды бағалау, егемендігімізді қадірлеу және халықтың тұтастығы мен бейбітшілігіне ұйытқы болатын бірден- бір мереке–Наурыз мейрамы құтты болсын, халайық! Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа жыл басымен қауышайық! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін!, –деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев.

Жиылған қауымды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Пэй Цзяньшэн, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдынов құттықтап, ақжарма лебіздерін жеткізді. Салтанатты сәтте қара алтынды халық игілігіне жаратуда жарқын еңбектің үлгісін көрсеткен мұнайшылар «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Құрмет грамотасымен және Алғыс хатпен марапатталды. Ел ырыздығын еселеуде жемісті қызмет еткен бірқатар еңбек адамдарына құрмет көрсетілді.№1 мұнай және газ өндіру цехының операторы А.Жұмсақов, №2 мұнай және газ өндіру цехының 2 санатты геологі Ж.Бекбосинова, №3 мұнай және газ өндіру цехының операторы Ұ.Жукубалиева, ғылыми-зерттеу және өндіріс жұмыстары цехының үшінші дәрежелі ұңғымалар өнімділігін өлшеушісі Е.Қуатқанов, қабат қысымын ұстау цехының 2 санатты геологі А.Даугескенов, №1 мұнай және газ өндіру цехының жөндеуші-слесарі Н.Абдуллаев, газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехының төртінші дәрежелі газбен кесушісі Қ.Құлмағамбетов, әкімшілік-шаруашылық бөлімінің машинка басушысы Г.Әмреева, мұнаймен ластанған топырақты жинау және тазалау учаскесінің мұнай тазалаушысы Ш.Мухамедамин «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

– Менің «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында еңбек еткеніме 40 жылға жуық уақыт болды. Мұнайшы мамандығын бітіргелі бері осы кен орнында оператор болып жұмыс жасаймын. Ұлыстың ұлы күнінде ұзақ жылғы еңбегім еленіп, басшылық тарапынан алғысқа ие болғаныма қуаныштымын. Өндірісте қол жұмысын қажет ететін кезеңнен өттік. Қазір жұмысымыздың басым





көпшілігі автоматтандырылған жүйеге көшті. Кейінгі буын жастарға біздің абыройлы жолымызды берсін. Барша әріптестерімді Наурыз мерекесімен құттықтап, еңбектеріне жеміс, отбасыларына бақ-береке тілеймін, – деді «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты №2 цех мұнай- газ өндіру цехының операторы Гүлсім Тоқтасынова.

Елімізге белгілі «Тамаша тарту» театры әртістерінің жарасқан әзіл-қалжыңы мен әншілердің әуелеген әні көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Мерекенің сән-салтанатын «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы өнерпаз жастарының концерттік бағдарламасы аша түсті. Қайрат Қарабалаев, Сәндібек Сариев, Махинур Ерғали, Қайрат Аманқосов, Еділ Бекмұрат, Талғат Жакыпов, Айбек Жұрымбаев, Азамат Айтпаев секілді мұнайшы-жастардың өнерін айтпай кетуге болмас.

Жергілікті өнерпаздар мен мұнайшылар әсем әннен шашу шашып, күмбірлетіп күй тартып, мұнайшылардың көңілін бір серпілтіп тастады. Ұлыстың ұлы күнін мерекелеген жұртшылық қаз-қатар тігіліген киіз үйлерге түсіп, ұлттық тағамдардан дәм татты. Аланда арқан тарту, тоғызқұмалақ, қол күресі және тағы да басқа ұлттық спорт түрлерінен жарыс өтіп, мерекенің шырайын келтірді.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Бақтыгерей Алтыбайұлының айтуынша, Жетібай кен орнында өткен жылы 2 млн.185 мың тонна мұнай өндірілсе, биыл 2 млн. 285 тонна қара алтын шығару жоспарланған. Осындай еңбек тартуын межелеген өндірістік басқармада күніне 6 мың 200 тонна мұнай өндіріледі.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы №3 мұнай-газ өндіру кәсіпшілігіне



қарасты Асар кен орнының мұнайшылары да Наурызды мерекеледі.Ақшам уақытынан аса, Асар кенорнына бет түзеген өнерпаздар кешкілік жұмыстан қайтқан мұнайшыларды құшақ жая қарсы алды. Әсем ән тыңдап, сатираның саңлақтарын көрген асарлық мұнайшылардың қуанышында шек болған жоқ.

Салтанатпен сән құрған сахнада «Тамаша тарту» театрының әртістері мен мұнайшы өнерпаздар әсем ән шырқап, өлең оқып, мұнайшылардың көңілін сергітті.

– Бүгінде Асар кен орнында вахталық әдіспен 86 мұнайшы жұмыс істейді. №3 мұнай-газ өндіру кәсіпшілігіне қарасты 170 ұңғы болса, оның 120-ы жұмыс жасап тұр. Өткен жылы №3 мұнай-газ өндіру кәсіпшілігі жоспарды 80 мың тоннаға артығымен орындады. Биылғы жоспар бойынша мұнайды 60 тонна артығымен орындап келеміз. 2016 жылы 15 ұңғы, жыл басынан бері 3 ұңғы бұрғылаудан шықты. Асар кен орнында тәулігіне 1300 тонна мұнай өндіріледі. Осында 3 корпустық жатақхана мен асхананың құрылысы басталды. Барша мұнайшыларды ырыс- құт, молшылығын ала келетін Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Алдағы уақытта да осындай қызу еңбек қарқынын жалғастырып, артылған сенімнің үдесінен шығуға тырысамыз, – деді «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы, №3 мұнай-газ өндіру кәсіпшілігінің басшысы Сағыныш Тастығараев.

Дәл осындай думанды той Бозашы түбегіндегі «Қаламқас» кен орнында атап өтілді. Наурыз мерекесіне лайықталған сахна құрылып, тігілген киіз үйлерде мол дастархан жайылды. Өңірде мұнай-газ саласын дамытуға үлес қосқан бірқатар мұнайшылар Аудан әкімінің, Басқарма басшыларының Алғыс хатына ие болса, спортқа ебі бар жастар қазақша күрестен, арқан тартыстан, қол күресі мен гір тасын көтеруден сайысқа түсті. Әсіресе, аймақтық қазақ күресіне қызығушылық танытқандардың қатары қалың болды. Өз мекемесінің намысын қорғауға келген палуандардың бозкілемде белдесуі делебені қоздырды 75 келі салмақ дәрежесінде Шебір ауылының тұрғыны Мырзағалиев Елдос III орынға ие болса, «Semser Security» ЖШС қызметкері Саятов Бауыржан II орынды еншіледі. Ал, түйе палуан атағын «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ жұмысшысы Сейтов Айболат жеңіп алды. Гір тасын көтеруден «ОСК» ЖШС мекемесінің қызметкері Қанатбаев Еркебұлан үздік деп танылса, жүлделі II-орын Қауіпсіздік қызметінің жұмысшысы Нағыбаев Бақтыбайдың еншісіне тиді. III-орынды Бекбосинов Бауыржан иеленді. Сондай-ақ, арқан тарту, қой көтеру сайыстарынан Айжарықов Серік, Саятов Бауыржан, Теменов Нұрбол жеңіс тұғырынан табылды.

Түс ауа жұртшылық ақшаңқан киіз үйлерден дәм татып, әні мен сәні, ажары мен базары тарқамаған мерекеден бір-бірін қимай қоштасты.

Бұл күні мұнайшылар әсем әннің толқуында би билеп, мерекелік дастарханның сыйлы қонағы болды.

* * *

# Ыстық ықыласқа бөленген күн

**Қазыналы Маңғыстау жұрты үшін қасиетті топырағына сонау ғасырлармен сіңісіп, бұқараның басын қосып, жұртшылықты жарастырған Ұлыстың Ұлы күнінің басы – Амал мейрамы. Көрісу салты - аймағымызда қаймағы бұзылмай келе жатқан дәстүр. Ата-бабадан келе жатқан бұл игі дәстүрдің «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қызметкерлері үшін де орны ерекше, 14 наурыз күні компания қызметкерлері бір - бірімен арқа - жарқа көрісіп, мәре - сәре болды.**



Сол күні компания Көлік департаментінің Ақтау автопаркі қызметкерлері жұмысқа таң сәріден шықты, мақсаттары жұмыс алдында ұжымдастармен көрісіп қалу еді. Ақтау автопаркінде аға буын кішілерге ақ батасын берсе, кішілер ілтипатпен құрметін көрсетіп жатты. Қалай үлгерген десейші, ұлттық киімін киіп сәнденген автопарк қыз-келіншектері қонақжай қазақтың кең пейіліндей дастархандарын жайып, тағамдардың түр түрін дайындап қойған екен.

Дастарханға жиналған жүргізушілерді көлік департаменті мен автопарк басшылығы бүкіл исі қазақ асыға күткен жаңарудың ұлы мерекесімен құттықтап, ізгі тілектерін айтты. Наурыздың күн шуағымен келген осы мереке жүргізушілер ұжымының ынтымақ-бірлігінің, сыйластығының көрінісі болды.

18 наурызда Өндірістік департаменті бас механигі бөлімі орталық өндірістік қызмет көрсету базасының ұжымы да Ұлтымыздың Ұлы күні болған, көңілге шат-шадыман күй сыйлайтын, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында елдің аузын аққа тигізіп, мәз-мейрам ететін Наурыз мерекесін атап өтті.

База алаңында үлкен ақ киіз үй тігіліп, мол дастархан кеңінен жайылды. Қызыл қуырдақ қуырылып, ет асылды. Мереке бағдарламасы көлемді ұйымдастырылған екен. Орталық база цехтары арасында футболдан жарыс өтті. Ұлттық спорт түрлері де болды. Әсіресе, әйелдер арасында және ерлер арасында арқан тартысу ойыны қызықты өтіп, мерекеге жиналған адамдардың көңілін көтеріп бір серпілтіп тастады.



Мереке аясында өткізілген әйелдер арасындағы ұлттық киімдер байқауы да әсерлі болды. Байқаудың көрермендері - база қызметкерлері қатысушыларды қызу қолдап, ақ тілек, ақ алғыстарын жаудырып отырды. Қазылар алқасы барлық қатысушы қыз келіншектерге алғыс айтып, рахметтерін арнады.

Өткізілген ойындар жеңімпаздарына база басшылығы атынан арнайы сыйлықтар табысталды.

Өндірістік департаменті бас механигі Ғарифолла Ищанов ұжымды құттықтап «Ұлыстың ұлы күні баршамыз үшін жақсы бастамалардың, жарқын ойлардың, игі істердің күні болсын» - деп тілегін айтты. Сонан соң, кезек табысты еңбектерімен еленген ұжым мүшелерін марапаттау рәсіміне ұласты. Ғарифолла Нығаметұлы темір жонушы Өмірбек Боранбаевқа «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Құрмет грамотасын, ал электр-газбен дәнекерлеуші Нәби Әділов пен темір жонушы Марат Ерғалиевке Компания басқармасының Алғыс хаттарын салтанатты түрде табыстады.



Мерекеде домбырамен ән-жырлар айтылып, эстрадалық әндер ырғағына би биленді. Осылайша мереке күні орталық өндірістік қызмет көрсету базасы ынтымақ пен бірлік, ыстық ықылас пен ізгілік жарасқан әдемі мерекенің ордасына айналды десек артық айтпаған боламыз.

*Өнерлі өрге жүзер*

# «Анаға сәлем»



**Биылғы Наурыз әдемі әсер сыйлаған ай болды.**

**Компания жұртшылықпен байланыс департаменті мен компания Жас мамандар Кеңесі компанияда 8 наурыз – Халықаралық Әйелдер күнін жаңа мазмұнда ұйымдастыруға ерте қамданды. Жаңа жыл мерекелері өте сала «Ордадағы» Жас мамандар Кеңесінің бөлмесінде небір идеялар ортаға салынып, небір қиял көкке самғады. Ақтаудағы «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» акционерлік қоғамына қарасты компаниялар тобының Жас мамандар Кеңесінің мүшелерінің, әуесқой мұнайшы жастарының басы әдеттегіден жиі қосылды десе болады. Жұмыс аяғында коридорда ән әуелеп, жастардың жарқын дауысы ойлаған істің нәтижесіз болмайтындығын сол күндерде аңғартып, 8 наурызды қызығушылықпен асыға күткеніміз рас.**

**Наурыздың 6-сы күні Ақтау қаласындағы Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің үлкен концерт залын түс ауа қыз-келіншектер мен құшақ-құшақ гүл ұстаған ардагер мұнайшы апалар көңілді қуанышқа толтырды. Қым-қуыт өндірістің тірлігімен жүретін нәзік жанды мұнайшылар құрбыларымен кездесудің сәті түскеніне мәз-мейрам, құрметті еңбек демалысына шығып, өндірістен қол үзіп қалған ардагер мұнайшы аналарға әріптестері қуана құшақ жайып, бәрі ыстық қауышып жатты.**



Сахнаның түбіндегі сонау алпыс-жетпісінші жылдары қат болған ескі телевизор, бергі беттегі демалыс аллеясы, «Тақиялы періште», «Біздің сүйікті дәрігер», «Менің атым Қожа» фильмдері, «Дос-Мұқасан» ансамблінің концертіне шақырған афиша, парктегі ғашықтардың сыры қалған ескі орындық пен талай жүректің құпиясын ұрлаған көне жарық шам, эстрада ... бүгінгі кештің ретро-концерт болатынын аңғартты. Концерт жүргізушілері - жұртшылықпен байланыс департаментінің мамандары Ғани Әбдісадық, Анар Нұғманова және «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамының қызметкері Жомарт Әскербайдың жарасымды сөз қағысы мен орынды әзілдері әп дегеннен залды өздеріне баурап алды...

...Алқалы топқа енсеңіз,
Ақын жырына сенсеңіз:
Әйелдің жасын сұрама,
Әйелдің жасы – он сегіз.

Мейлі ғой сенбесеңіз, сенсеңіз де,
Еркіңіз көнбесеңіз, көнсеңіз де,
Арулар картаймайды ешқашанда,
Бәрібір қыздың жасы – он сегізде, - деп Ғани бастаған сөзді Жомарт «Төлеген ақынша айтқанда, бүгінгі залда отырған жүректері он сегіздегі мұнайшы ана-апаларымыздың қыз күнін сағындыртайықшы бір!» іліп алып кетсе, Анар уақыт машинасын қайтеміз, онан да сегізінші наурыз - ретро стилінде өткізейікші деп назданады...

Жалпы концертті тамашалауға мұнайшы-ардагер аналар, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының және компанияға қызмет көрсететін сервистік компаниялардың әйел қызметкерлері шақырылған еді. Мәдениет сарайы фойесінде ардагер аналар мен мұнайшы қыз-келіншектерді дәлізде қарсы алып, раушан гүлі мен тәтті сыйлықтарын табыстаған өндірдей жас жігіттер – компания мамандары ризашылыққа қарқ болды десе де болады. Қолдарындағы гүлмен залға енген әйелдер Абай атындағы мәдениет сарайын гүл бағына айналдырып, нағыз мереке, нағыз салтанат осы дегізгендей еді. Жүректері мейірім мен махаббаттан жаралған нәзік жанды әріптестеріміздің шын қуанған сәтіне куә болып, жастар да шат...

Мерекелік кешті ашқан Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы Бекмұрат Жүсіпов жиналғандарды мерекесімен құттықтап, ұлт пен ұрпақтың бесігін тербетіп, тәрбиесін түзейтін тіліміз бен дінімізді санамызға сіңіретін асыл жандарға денсаулық, бақыт, игілік және көктемгі көтеріңкі көңіл күй тіледі. «ҚазМұнайГаз» акционерлік қоғамы адам ресурстарын басқару жөніндегі вице-президенті Серік Әбденов ізгілік пен сұлулықтың, нәзіктік пен дарқан көңілдің көрінісі болып табылатын, «бір қолымен әлемді, бір қолымен бесік тербететін» әйелдердің отбасыларына амандық, шаңырақтарына шаттық тілейтінін жеткізді. Компания бас директоры Бақыт Иманбаев өмірімізге сән беріп, шуақ шашып жүзінен мейірім лебі есіп тұратын әйел әріптестерімізге құрметін білдіріп, оларға деген ерекше ықыласын жеткізді. Дендеріне саулық, отбасыларына шаттық пен баянды бақыт тілеп, көктемнің күн шуақты мерекесімен шын жүректен құттықтады. Компания бас директорының бірінші орынбасары Пэй Цзяньшэн компанияның жетістікке жетуіне, мұнай-газ саласының өркендеуіне әйелдер қауымының зор еңбек сіңіргенін айтып, «әлемді тек сұлулық құтқарады» демекші нәзік жанды аруларға, аналарға жылы лебізін білдірді.

... Көне патефонның құлағынан әуен төгілді... Робертино Лоретти «Ямааайкааа» деп созады... Енді атақты Роза Бағланова шырқады «Бұлбұл құс туған жерден гүл іздейді, Күдерін құштарынан бір үзбейді»... жастықтың жайлауында қалған сағыныштың әні ... Ескі патефонның инесінің сырылының арасынан тағы бір таныс әуен жетті бағзы жылдардан... апырау, мынау «Дос-Мұқасан» ғой... Гитараның алғашқы аккордынан-ақ «Жыр жазамын жүрегімді» жүрек тани қойып, жүйке тамырыңа дейін қозғайтын сазбен тербеле бастадық...

Әуеннің ырғағында әуелеп шымылдық көтеріліп барады. Экрандағы көне байырғы ақ пен қарасы басым көмескі кадрдағы өндірдей жас Мұрат Құсайынов, Досым Сүлеевтерге қарап елти бастағанда сағыныштың өзіндей күңгірт тартып тұрған сахнаның бар жарығы жарқ етті де, «Қаламқас» вокалды аспапты ансамблі әуенді іліп ала жөнелді...



... «Қаламқас» вокалды аспапты ансамблі орындаған әйгілі «Досмұқасан» ансамблінің «Жыр жазамын жүрегімнен» әуеніне жалғасқан Стас Наминнің «Мы желаем счастья, Вам» әні сахна шымылдығын ашып, концерттің үн-ырғасын айқындап тастады.

Поэзия құдіретін қойсаңшы... қазақ поэзиясына жасындай жарқылдап екпінмен келіп, өткен ғасырдың 60-70 жылдарын қазақ сөз өнерінің алтын дәуіріне айналдырған Жұмекен, Төлеген, Мұқағали, Тұманбай, Қадырдан артық Анаға, Жарға, Қарындасқа кім сөз арнады?! Жомарт, Райымбек, Еділ, Ғани, Бауыржан, Нұржан жеткізген Ұлылардың өлеңі жүректен шығып, жүрекке жетті... ұшқан шыбынның қанатының дыбысы сезілмейтіндей ұйыған тыныштықта көз жасаурап, тамаққа өксік тығылып, жан шымырлады...

... Бесікте – Ана,
бесікте – бөбек:
Бірі тербеледі, бірі тербетеді.
Бал-бөбек былдыр, өсіп те келеді,
Анаға жалғыз, сол жетеді, деп Жомарт Жұмекен Нәжімеденов болып бастап,

Райымбек – Қадыр Мырзалиев болып,

Алғашқыдәм, ол да сендік сүт еді,
Ақ сүт берген қашан да үміт күтеді.
Отанымның өзі сенен басталып.
Жауларыма жеткен жерден бітеді...

Ғани-Төлеген Айбергенов болып,

Арманыңды ақтармын ба жүрегімде тербесем?
Айға сіңілі, қарындассың қасиетті Жерге сен.
Мен өзіңді теңдесі жоқ құдірет деп түсінем,
Сендік қуат мың есе артық Жердің тарту күшінен.

Нұржан мен Бауыржан - Мұқағали Мақатаев болып жалғастырып,

Арулар - аяулылар, ардақтылар,
Өмірдің жылуы боп қалмақ бұлар.
Арулар - тіршілікке күре тамыр,
Өмірді бір-біріне жалғап тұрар.

...Әйелдерді еркектерден көп дейді.
Ойбай,
Ойбай!..
Бола берсінкөп, мейлі!
Әйел деген әдемі ғой, әдемі,
Әдемілік бізге көптік етпейді...деп келіп,

...Әйелдердің күні дейді бұл күнді,
Бақтар жайнап, сайратады бұлбұлды.
Еркек түгел еркелерге берем деп,
Қолдарына ұстап апты бір гүлді... деп Еділ – Тұманбай Молдағалиев болып түйіндегенде залдың шапалақтан түндігі серпілді...

Поэзияны қанатына ілестірген «Ойл Транспорт Корперейшн» компаниясының жүргізушісі Жаңалық Бисенқұл мен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкері Сағи Нұртілеу орындаған «Анаға сәлем» әніне көпшілік қосыла шырқап, өміршең әндердің мәңгілік ғұмыры деген осы-ау дескеніміз рас...

«Тұлпармұнайсервис» серіктестігінің операторы Аманғали Қанатов орындаған Рүстем Қоразбаев пен Тұманбай Молдағалиевтың «Анашым», Қаден Құдияров орындауындағы халық әні «Әдемі қыз», «Маңғыстаумұнайгаз» қызметкері Ерғали Махинур орындаған «Тақиялы періште» фильмінен «Кетем-кетем», «Қаражанбасмұнай» қызметкері Марат Оразбаевтың орындауындағы «Миллион алых роз», «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамының қызметкерлері Ерлан Базарбаевтың «Өзің, сәулем, іздегенім», Марат Сәулебайдың «Маржан қыз», «Ойл Корперейшн Компани» ЖШС қызметкері Әсет Нұрсебеповтың «Жас қалам» ,«Казмортранфлот» компаниясы қызметкері Айсұлу Есниязованың «Біздің сүйікті дәрігер» фильмінен «Көктем вальсі». «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері Гүлнар Көшербаеваның «Бақыт құшағында» сияқтыөзіндік тарихтары бар әндерайтылғанда залдағы көрермен сол заманның қайталанбас атмосферасына енгендей болды. 60-70-ші жылдарда түсірілген кинофильмдердегі әндер мен жанымызға жақын әртістеріміз түскен бейне көріністер сахнада орнатылған ескі телевизордан ақ-қара ленталарда көрсетіліп жатты...

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының операторы Әлімжан Бөлекбаев «Арман жырым-аруларым» әніне ілесе "Тәрбие" сән үйі қорындағы белгілі модельер Тәрбие Айдынбаеваның қолынан шыққан ғажап әдемі ұлттық киімдермен аққудай керілген «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының сұлу қыз-келіншектері көздің жауын алып, көрермендердің дән ризашылығына бөленді.

Кештің көрігін қыздырған «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының операторы Қайрат Қарабалаев 80-жылдар әндерінен попурриді, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкері Азамат Айтпаев Франк Санатраның «Sway» әнін орындағанда концерт тамашалаушылар өздерін бейне бір әйгілі шоу-бизнес жұлдыздарының концертінде отырғандай сезініп бір серпіліп қалды. Мерекелік концерт «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» акционерлік қоғамына қарасты компаниялар тобының Жас мамандар Кеңесінің мүшелерінің, әуесқой мұнайшы жастарының қатысумен ұйымдастырылды десе біреу сеніп, біреу сенбегендей күй кештік.

Әр әннiңсахналануы концертті «бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» дегізді десе болады. Сонау 60-70 жылдар қырының қырқа белінің астында қалған «Шопырдың әнін» орындаған «Өзенмұнайсервис» компаниясының қызметкері Ауғанбай Тайманов кейіпкерінінң сауыншы қызға деген сезімін жеткізуге Нұрмұхан Жантөрин атындағы музыкалық драма театрының әртістері көмекке келсе, «Өзенмұнайгаз» қызметкері Әнес Қарабасов «Мұнайшы қыз» әнін орындағанда аруға деген жауапсыз сезімді «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жастары Райымбек Түзелов, Нұржан Дүйсенбаев, Еділ Бекмұрат өздерінің актерлік қабілеттерімен айшықтап, көрермендердің қошеметіне ие болды.

... «Менің атым Қожа» фильміндегі «Туған ел» әнімен Ольга Хникина жетекшілік ететін «Радуга» балалар студиясы балдырған әншілерімен қосылып «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің ұл-қыздары кешті өз мәресіне жақындатса, мерекелік кештің жоғары деңгейде өтуіне бір кісідей атсалысқан «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ-ға қарасты өңіріміздегі мұнай-газ компаниялары Жас мамандар Кеңесі мүшелері – өнерпаздар «Тақиялы періште» фильміндегі «Ана» әнімен,

Еселі еңбек, өнер болған сыңары,
Жас мұнайшы – әркез биік тұрады.
«ҚазМұнайГаз» тек мұнайдың көзі емес –
Ол - өнердің, ол - жігердің бұлағы!

Жеткізеді шыңдарға «ҚазМұнайГаз» жастары,
Жазылады тарихқа мұнайшылар дастаны.
Аға буын – апалар, кіші буын – қарындас,
Ашық болсын әрдайым еліміздің аспаны!
-деген жыр жолдарымен көпшілікке тағзым етті.

... Шымылдық түсірілді. Концерт аяқталды. Жан жадыратытын шуағы мен нұр-шапағатын ала келген көктемнің алғашқы мерекесіне ерекше дайындалған мұнайшылар тарапынан әйелдер қауымына осылайша әсерлі де әдемі кеш сыйланды...

Ерекше айтып өтетін жайт, кештің әсерлі өткізілуіне бірден бір мұрындық болған Нұрмұхан Жантөрин атындағы музыкалық драма театрының бас режиссеры Гүлсина Мерғалиева мен театр актерларына, сондай-ақ «Тұлпарсервис» серіктестігінің қызметкері Нұрлан Битанмен қосылып ән салып, кештің сәнін келтірген Мұрат Өскінбайұлы атындағы облыстық филормониясының әншісі Кәмшат Ізтілеуова, «Бэга Дэнс» би тобына, «Радуга» балалар студиясы, «Ритм Гёльз» тобы жетекшілеріне өнерпаздардың алғысы шексіз.

Мерекелік кеш аяқталғасын концертті тамашалаған мұнайшы-ардагер аналар мен компаниялар әйел қызметкерлері 8 наурыз қарсаңында көңілдерін көтеріп, шаттық сезімге бөлегендері үшін ұйымдастырушыларға алған әсерлерімен бөлісіп, алғыстарын жаудырып жатты.

– «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы ұйымдастырған мерекелік концерт өте жоғары деңгейде өтті. Сахнада ән-күй орындап, өлең оқыған мұнайшылардың өнеріне тәнті болдық. Екі сағат өткен кеште уақыттың қалай өткенін білмей қалдық. «Маңғыстаумұнайгазға» сервистік қызмет көрсететін «Ойл транспорт корпорэйшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 2007 жылдан бері жұмыс жасаймын. Біздің серіктестікте менімен бірге ауысымда 10-ға жуық әйел адам жұмыс жасайды. Ұйымдастырушыларға бүгінгі сый-құрметке алғыс айтамын. Мереке құтты болсын! – деді «Ойл транспорт корпорэйшн» ЖШС-ның аға диспетчері Ботакөз Ажханова.

... Мерейлі мерекеде сүйіспеншілік пен іңкәрлік, сұлулық пен махаббат, қайырым-дылық пен ақылдың бар болмысын бойына сіңірген әйелдер қауымы ыстық ықыласқа, шат-шадыман көңілге тоқ сезімде тарап жатты...



*Келелі сұхбат*

# «ҚАРА АЛТЫН» ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ТИІС

**Өткен жыл Маңғыстау мұнайы тарихындағы елеулі жыл болып тарих жылнамасына енді. Жетібай кен орнындағы №6 ұңғыдан атқылаған алғашқы мұнай бұрқағының 55 жылдығы, осы кенорнындағы кәсіпшіліктің ашылуының 50 жылдығы өткенді саралаудың, болашақты бағдарлаудың белесі болды.**

**Біз бүгін осы компанияның Бас директоры Бақыт Иманбаев және бас директордың бірінші орынбасары Пэй Цзяньшэн мырзамен кәсіпорынның даму барысы, еліміздің экономикалық қуатын арттыру жолындағы мақсат-міндеттері және еңбек ұжымындағы әлеуметтік ахуал жайында әңгімелескен едік.**

**– «Туған ай –туралған етпен тең». Амал келді, жыл басы – Наурызға жетіп, жаңа жылдың да жаңа бір еңбек тоқсанын игеріп тастадық. 2016 жылды қорытындылағанда ол компания өмірінде қандай із тастады, қорытындысы қандай, осы туралы әңгіме сабақтасақ...**

- Тарихи тұрғыдан алғанда өткен жылғы Маңғыстау мұнайының 55 жылдығы, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдығы, ең бастысы, бұл атаулы даталардың Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен тұспа-тұс келуі жауапкершілігімізді көтеріп, күшімізге күш, жігерімізге жігер қосқандай болды.

Тағылым үшін өткен мерейлі мерекелер ұрпақ сабақтастығын жалғастыруға, тарихты таразылай отырып, үлкенге кішінің құрметін жария еткен келелі жиын болғандығын атап өткен жөн. Жетібай кенорнының тарихы – бай тарих. Мұнай өндірісінің білікті кадрларын, мықты ұйымдастырушылық мектебін қалыптастырған орта. Қарапайым мұнайшыдан Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің Премьер-Министріне дейін көтерілген Нұрлан Өтепұлы Балғынбаевтың өмірбаяны сөзімнің дәлелі. Сондықтан да 55 жыл бойы ел экономикасын дамытуға үлес қосқан жетібайлық мұнайшылардың еңбек дәстүрі, атақты мұнайшылардың ерлікке толы еңбек жолын насихаттау мақсатында мұражайдың ашылуы өткен жылғы компания өміріндегі елеулі де маңызды оқиға деп ерекше айтқым келеді. Мұнда сонау 66-жылдан бастап жанқиярлықпен еңбек еткен, қасиетті өлкеде жаңа кәсіпорындар, қалалар мен елді мекендер пайда болуына бар ғұмырын арнаған, Қазақстанның Тәуелсіздігіне үлес қосқан аға ұрпақтың ерлікке бергісіз еңбегі, өмір жолы жатыр. Бұл мұражай өңірдегі мұнай саласының дамуынан, өткен тарихынан, мұнайшылардың еңбек жолынан мағлұмат береді. Жастарымыз осы мұражай арқылы өткен тарихымызды, елге еңбек еткен майталман мұнайшыларды танып-біліп, тағылым мен тәлім алатыны сөзсіз.

Өткен жылғы тағы бір жағымды жаңалық - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Ұлттық бизнес-рейтингтері одағының ресми статистика мәліметтері негізінде жасалған саралау нәтижелеріне сәйкес «Маңғыстаумұнайгаз» «Жыл ішіндегі табыс (шығын)» номинациясында Қазақстан бойынша жеңімпаз атанып, қаржы-экономикалық қызметінің көрсеткіштері болып табылатын «активтер мен капитал көрсеткіштері», «табыс көрсеткіштері», «өтемпаздық көрсеткіштері» сияқты үш номинацияда Маңғыстау облысындағы кәсіпорындар арасында бірінші орын алды.

Бұл мұнай-газ өндіру саласындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болғандықтан, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына «Сала көшбасшысы-2016» алтын медалі, «Сала көшбасшысы» ресми ұлттық VIP сертификаты мен «Экономика мақтанышы» ордені табыс етілді.

Сондай-ақ жуырда Ұлттық Бизнес рейтингтің сыртқы экономикалық қызмет көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасы экспорттаушылары арасында «Экспорт-импорт суммарлық көлемі», «Операциялар көлемі», «Іскерлік белсенділік» кретерийлері бойынша алтын, «География» номинациясында «күміс» медальды иеленгені туралы жақсы жаңалық жетті.

**- Бұл жетістіктер басқару тетіктерін стратегиялық тұрғыда тиімді орайластыру мен команданың ынтымақты қызметінің жемісі, әрине! Облыс экономикасына сүбелі үлес қосып келе жатқан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қазіргі таңдағы хал-жағдайы қандай? Соңғы жылдары әлем нарығында «қара алтын» бағасының төмендеуі салдарынан қалыптасқан күрделі кезеңде компанияның дамуын қалыпты деңгейде ұстау оңайға түспеген шығар...**

- Абыз Әбіш аға Кекілбаевтың өтпелі кезең, күрт бетбұрыстар тұсында «байыбын тауып іс қылып, бағытын тауып алға басқан жөн... жүрек пен бас, қол мен ақыл қатар қиналып, қатар қимылдайтын кезең келді. Сонда ғана еңбегіміз еш, қарекетіміз кеш болмайтын шығар» деген сөзі бар еді.

Мұнай бағасының төмендеуі салдарынан біраз бағдарламаларға арналған шығындарды шектеуге, үнемдеу саясатын қатаң ұстануға тура келді. Дегенмен, мұнай өндіру қарқынын төмендеткен жоқпыз. 2016 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 6 млн. 285 мың тонна мұнай өндіруді жоспарлаған болатын. Біз бұл межені артығымен орындадық. Жоспардан тыс 4 902 тонна мұнай өндіріп, мемлекетке 6 289 902 тонна мұнай тапсырдық. Мұндай көрсеткішке компания ұжымы жоғары кәсібилігі мен берік ынтымағының арқасында қол жеткізді. Жоспарлау мен геологиялық-техникалық шараларды дұрыс және сауатты жүргізу жетістікке жетудің негізгі факторлары болды. Атап айтсақ, жаңа ұңғыларды бұрғылау нәтижесінде 320 759 тонна мұнай игерілді. Сонымен қатар мұнай ұңғыларында жер қойнауының қабатын сумен ажырату, жоғары жатқан жер қабаттарына қайта оралу, Қаламқас кен орындағы ұңғыларда полимерлі су тоғыту сияқты шаралар қолданылды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ – мұнай өндіру көлемін жыл сайын ұлғайтып отырған компания. Үстіміздегі жылы да осы үрдістен таймауды көздеп отырмыз. Биылғы жоспарымыз бойынша 6 млн. 350 мың тонна мұнай өндіруіміз керек. Бұл – 2016 жылға қарағанда 60 098 тоннаға артық меже.

**– Компанияның әлеуметтік саясатына, атап айтқанда әлеуметтік әріптестікке тоқталсаңыз...**

- «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы – Маңғыстау өңірінің инфрақұрылымын дамытуға бағытталған көптеген ірі бағдарламаларды іске асырып отырған компания. 2010-2015 жылдары компанияның әлеуметтік инвестициялары 8 млрд. 245 млн. теңге болды. Маңғыстау тұрғындарын әлеуметтік қолдау және осы бағытта жергілікті атқару органдарымен келісімді қарым-қатынаста жұмыс жасау – компанияның әлеуметтік саясатының басым бағыты. 2016 жылы акционерлік қоғам тек осы өңір ғана емес, республикамыздағы әртүрлі мекемелерге демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге, мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға, қоғамдық шараларды өткізуге 4 223 364 480 теңге қаржы бөлді. Облыстағы ең ірі салық төлеуші кәсіпорындардың бірі ретінде өткен жылы жергілікті және республикалық бюджетке 128 657 216 мың теңге көлемінде салық пен басқа да төлемдер түсірді.

Бұған қоса «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ отандық тауар өндірушілерді қолдауға және қазақстандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді қамтуды дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін де мүлтіксіз орындап отыр. Компания тарапынан жергілікті фермерлерге үлкен қолдау көрсетілуде. 2015 жылы олармен арада үш жылдық меморандумға қол қойылды. Осыған сәйкес жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен 2015 жылы 547 млн. теңге, ал 2016 жылы 490 млн. теңгенің өнімі сатып алынды. Осылайша ет және сүт өнімдерін мұнайшылар бүгінде кепілді өткізу нарығы бар маңғыстаулық фермерлерден сатып алып отыр.

**– Ал жер қойнауының байлығын ел игілігіне айналдырып отырған мұнайшы қауымның әлеуметтік мұқтаждықтары қалай шешіліп жатыр? Кәсіпорынның еңбек ұжымында әлеуметтік тұрақтылықты сақтау бағытында қандай шаралар жасалуда?**

– Өндірілген әрбір тонна көмірсутегінің артында мұнайшылардың бірнеше ұрпағының жанқиярлық еңбегі, олардың жұдырықтай



жұмылған бірлігі мен кәсіби шеберлігі тұр. Бүгінгі «Маңғыстаумұнайгаз» – бұл 6000-ға жуық жоғары білікті маман қызметкерлер, бұл – ынтымағы жарасқан тату ұжым, бұл – нағыз өз істерінің шеберлерінен құралған команда. Компания өз қызметкерлерінің және олардың отбасылары алдындағы жоғары әлеуметтік жауапкершілік саясатын ұстанады. Өйткені, қалай болғанда да, «қара алтын» қарапайым халықтың игілігіне қызмет етуі тиіс. Әр тамшы мұнайдың артында соны өндірген азаматтардың ерен еңбегі мен осы жердің иесі –халқымыздың мүддесі жатқанын біз ешуақытта естен шығармауымыз керек.

2013 жылдың 7 қарашасында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында жұмыс беруші мен еңбек ұжымы арасында 2013-2016 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа қол қойылды. Алайда, әлемдік нарықтағы дағдарысқа және мұнай бағасының төмендеуіне байланысты, 2015 жылғы 19 қаңтарда өткен шарт жасасқату комиссиясы мүшелерінің отырысында Ұжымдық шартқа өзгертулер енгізіліп, шарттың кейбір тармақтарын алып тастауға мәжбүр болғанбыз.

Биыл жаңа Ұжымдық шарт жан-жақты талқылаудан өтті. Нәтижесінде алынып тасталған тармақтар қайтадан енгізіліп, тіпті кейбір тармақтар бойынша төлемдердің көлемі екі есеге дейін ұлғайтылды. 2016 жылдың желтоқсан айында 2017-2019 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды. 2016 жылы Ұжымдық шарттың шығыны 600 264 мың теңге болды. Жаңа шарт бойынша, кәсіпорын мұнайшылардың әл-ауқатын көтеру бағытындағы әртүрлі мәселелерді шешуге жұмсалатын шығындарды жылдан-жылға көбейтуді көздеп отыр. Енді жаңа Ұжымдық шартқа сәйкес жыл сайын 383,8 миллион теңге көлемінде қосымша қаржы жұмсалып отыратын болды. Мұның бәрі – мұнайшылардың лайықты өмір сүруі мақсатында жасалып жатқан шаралар, акционерлік қоғам басшылығының қарапайым қызметкерлердің хал-ахуалын жақсарту бағытында атқаруы тиіс абыройлы міндеті.

Компания қызметкерлерінің ынтымағы мен бірлігі – еңбек ұжымының әлеуметтік тұрақтылығының кепілі. Кәсіпорында 2015 жылдан бастап басшылық пен еңбек ұжымы арасында «кері байланыс» жүйесін дамытуға, жұмыс берушілер мен қызметкерлер және кәсіподақтар арасында сындарлы диалог орнатуға бағытталған ішкі коммуникация құралдары енгізілді.

Атап айтқанда, компания басқармасы әр жарты жыл сайын жүйелі түрде кәсіпорынның еңбек ұжымымен есептік кездесулерін өткізіп отырады. Желілік басшылар еңбек ұжымдарымен әр тоқсан сайын кездеседі. Бұл кездесулерде еңбек ұжымы компания тіршілігі туралы ақпаратты тікелей басшылардан алады, қызметкерлер өз мұң-мұқтаждарын, арыз-өтініштерін, ұсыныс-пікірлерін сол жерде айтып, басшылардан өздерін толғандырған мәселелер жөнінде бірден жауаптарын алып отырады. Әрбір кездесудің хаттамасы жасалып, қызметкерлердің өтініштері бірінші басшының бақылауына алынады. Компания басшылары тоқсан сайын қызметкерлерді жеке өтініштері бойынша қабылдайды. Корпоративтік сайтымызда ашылған бірінші басшының блогы арқылы да мұнайшыларға өз өтініштерін айтып, сұрақтарын қоюға жағдай жасалған. Бұған қоса Қаламқас, Жетібай кен орындарында, өндірістік қызмет көрсету орталық қызметі мен материалдық-техникалық жабдықтау қызметі базаларында, көлік департаментінің автопаркінде және орталық офисте қызметкерлердің шағымдары мен ұсыныстарын жинауға арналған жалпы саны жиырма алты жәшік орнатылды. Бұл өтініштер де жіті бақылауға алынады. Мұнайшылар әрбір сұрағына нақты жауап алып отыр. Осылайша компанияда басшылық пен еңбек ұжымының арасында тікелей байланыс орнатуға қол жеткізілді.

Сондай-ақ жыл сайын еңбек ұжымындағы әлеуметтік-психологиялық тұрақтылықтың деңгейін сауалнама арқылы анықтау жұмыстары жүргізілуде. Сауалнама нәтижелері мен қызметкерлердің өтініштері компанияның «Әлеуметтік әл-ахуал мониторингі» электрондық бағдарламасына енгізіліп отырады. Мәселен, 2016 жылы 5665 сауалнама парақшалары енгізілді. Соның нәтижесінде қызметкерлердің 321 өтініші тіркеліп, бақылауға алынды. Осы бағдарлама арқылы қызметкерлердің өтініштері жіктеліп, оның орындалысы туралы басшылыққа ақпарат беріліп отырады.

**- «Самрұк-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамы тапсырмасына сәйкес «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында трансформациялау бойынша арнайы бағдарлама қабылдағаны белгілі. Осыған сәйкес «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында құрылымды қайта ұйымдастыру бағытында қандай жұмыстар жүруде?**

- Трансформациялау Үкіметтің талабына сәйкес барлық Ұлттық компанияларда жүргізілуде. «Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік қоғамы мен «Самрұк-Энерго» ҰК» акционерлік қоғамдарында бейінді емес активтерді нарыққа шығару жұмыстары бүгінде аяқталды. Бүгінде әрбір компанияның әрі қарай дамуына қажет стратегиясы мен қызмет түрі анықталды, ал осы стратегиялық бағыттар мен қызмет түрлеріне сәйкес келмейтін активтер бейінді емес болып есептеледі. Демек бейінді емес активтер дегеніміз - кәсіпорынның негізгі қызметіне байланысы жоқ активтер.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында өртке қарсы қызмет, медициналық-санитарлық қызмет, қауіпсіздік қызметі сияқты бірнеше бейінді емес құрылымдарды шығару жұмыстары атқарылды. Компания құрылымынан шығару шығарылып жатқан активтердегі жұмыс жасайтын қызметкерлердің барлығының жұмыспен қамтылуы біздің басты міндетіміз деп есептейміз. Сондықтан аталмыш салалардағы барлық қызметкерлердің жұмыспен қамтылуына Қоғам кепілдік алды, мұнда жұмыссыз қалған бірде бір қызметкер жоқ.

Жыл басында компанияның медициналық-санитарлық қызметі нарыққа шығарылды. Медициналық қызметкерлер толықтай ашық конкурста жеңіп шыққан компания - «Хирургия институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне өтті. Сондай-ақ Хирургия ғылыми-зерттеу институты медициналық қызмет көрсетудің сапасын көтеру, қызметкерлердің кәсіби шеберліктерін жетілдіруге, медициналық қызметтің инфраструктурасын жаңғыртуға, заманауи медициналық жабдықтармен жарақтандыруға 3 жыл ішінде 1 млрд. теңгеден астам инвестиция салу жөнінде міндеттеме алды. Ендігі жерде үш жақты келісімге сәйкес компания кәсіподақ комитеті мердігерлердің алған міндеттемелерінің орындалуын бақылап отырады.

Келесі кезекте әкімшілік мәселелер департаменті тұрғын-үй пайдалану цехын ашық нарық алаңына шығару үшін конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасы жасақталуда. Мұнда мердігерге қойылатын барлық талаптар құжатқа енгізіледі және осы құжаттаманы жасақтау барысында жұмыс тобының құрамына цех өкілдерінің қатысуларына жағдай жасалады.

**- Компания болашағы - бүгінгі жас буын мұнайшының ертеңі. Осы тұрғыда Сіздердің пікіріңіз...**

- «Бабалар айтқанындай, өлі риза болмай, тірі байымайтынын, ағаның назары жығылғаннан, інінің базары тарқамайтындығын, алдыңғының нысапсыздығы артқыны имансыз ететінін, үлкеннің жолын кескеннің көрінбей қаларын, кішінің жолын кескеннің көмілмей қаларын бір сәт те естен шығармайтын тұс – қазіргідей өтпелі кезең, қазіргідей өлара кезең... Кешегілердің еңбегін елемесек, бүгінгілердің көңіліне қарамасақ, ертеңгілерді қалай қарқ қыламыз?!». Бұл да Әбіш Аға Кекілбаевтың сөзі. Компанияның жастар саясаты туралы сауалыңа орай ойға келген әңгіме еді бұл. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының үлкен ұжымының үштен бірін 35-ке дейінгі жастар құрайды. Толқынды толқын қуады. Зейнет жасына келген аға әріптестеріміздің ізін басып жатқан жастардың осал еместігіне күнде куә болып жатырмыз. Айталық, кәсіпорында осыдан үш жыл бұрын Жас мамандар кеңесі құрылған болатын. Бұл кеңеске бүгінде 1500-ден астам жас мұнайшы мүше.

Өндірістің өз ішкі тәртібі дейміз бе, қалыптасқан заңдылығы дейміз бе, көбіне алдыңғы кезекте мұнайдың өндірілуі тұрып келгендігін жасырмаймыз. Осы бір қасаң қағидатты Жас мамандар кеңесі бұзғандай. Мұнай өндірісі оңай кәсіп емес. Бұған біздің Маңғыстаудың қатыгездеу табиғатын қосып қойыңыз. Қысы-жазы апырып-жапырып еңбек майданын қыздырып жататын жас мұнайшыларды жастар саясаты дендеп қолға алынғаннан бері жаңа қырынан таныдық. Мемлекетшіл, қоғамшыл, патриот жастар қаулап шыға келді. Президент сайлауы, Парламент сайлауы тұстарында, Маңғыстау мұнайының 55 жылдық, Жетібай кенорнының 50 жылдық шараларын ұйымдастыру барысында бұған куә болып, шын сүйсіндік. Қанша талантты жастар жүр ортамызда!

Жас мамандар кеңесінің тек біздің компаниядағы ғана емес, жалпы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның компаниялары арасында, республикалық және облыстық деңгейлерде болып жатқан қоғамдық шараларға белсенді қатысып жүргені көңіл қуантады. Компанияның құрылымдық бөлімшелері арасында «Брейн-Ринг» интеллектуальдық ойындарын, ардагерлерге, мүжәлсіз отбасыларға, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арнап қайырымдылық істердің, мемлекеттік және кәсіптік мерекелерге байланысты компания қызметкерлері үшін мәдени-көпшілік шаралардың бас-қасында жастар жүр. Ардагер мұнайшылар мен қызметкерлердің балаларын да назардан тыс қалдырмай, оларға арналған көптеген қоғамдық шараларды өткізуді өздерінің міндетіне алған. Мұнайшылардың балаларын компанияның бұқаралық өмірінің бел ортасынан - көркемсурет байқаулары, тақырыптық шығармалар сайысынан, тіпті мұнайшылар күшімен қойылып жатқан мерекелік концерттен де жиі кездестіреміз. Сондай-ақ «Қаламқас кештері» атты жоба да барлық дарынды мұнайшы жастарды маңына топтастырып, кәсібі мен өнерін қатар алып жүрген мұнайшылардың жұмыстан бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға мұрындық болып келеді.

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне деген қамқорлық, үйлеріне барып құттықтаулары, ол кісілердің құрметіне концерттерін қойып, бағалы сыйлықтар тарту етуі, Жетібай ауылындағы №5 мектептің қыздар волейбол командасына, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің футбол командаларына спорт жарақтарын алып беріп, демеушілік көрсетуі, ауыл мешітінде Ораза айт дастарханын ұйымдастыруы, осы сияқты бірқатар іс-шаралар – «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында жастар саясатының дұрыс жолға қойылғанының белгісі деп ойлаймын. Ең маңыздысы, бұл компанияның ауызбіршілігіне, ынтымағына оң әсер етті. Арасы шалғай екі кәсіпшіліктің жастарының ұйымшылдығы компанияның қоғамдық өміріне жан бітірді.

2016 жылдың қыркүйек айында жас көркемөнерпаз мамандарымыз «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасындағы спартакиаданың салтанатты жабылуында жоғары деңгейде өнер көрсетіп, басшылықтың алғысын алды. Ал қазан айында Қостанай қаласында өткен жас кәсіп көшбасшыларының республикалық дебаттық турнирінде Жас мамандар кеңесі өкілдерінен құралған мемлекеттік және орыс тілді екі командасы да жүлделі бірінші орынды иеленді.

Компания жастары қараша айында Ақтөбе қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы жас мамандарының III слетіне қатысты. Сол жиында жас мамандардың күшімен ұйымдастырылған мәдени шараның тізгінін «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жастары ұстағанын ерекше атап өткім келеді. Астана қаласында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған мерекелік салтанат, осы жылдың Наурыз мейрамы күндеріне орайластырып өткізілген ұлттық компанияның 15 жылдығын ұйымдастыруға да біздің жастарымыз белсене қатысып, саладағы жастар саясатының оң нәтижесін көрсетті. Сондай-ақ маңғыстаумұнайгаздық жастар үстіміздегі жылдың 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай ардагер мұнайшы әйел-аналарға, әріптес қыз-келіншектерге арналған облыс көлеміндегі барлық мұнай компания жастарының қатысуымен өткен «Анаға сәлем» атты ретро-концертке мұрындық болып, естен кетпес кетпес әсер сыйлады.

Кеңес жұмысына белсене араласып жүрген жас мамандар есебінен компанияның кадрлық резерві қалыптасуда. Жалпы, әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау бағытында жүргізілетін сауалнамада «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына қарасты құрылымдарда өндірістік, инженерлік-техникалық және әкімшілік-басқару кадрларын өсірудің ашық болуы жөніндегі мәселе жиі көтеріледі. Осыған орай Ұлттық компания шешімімен арнаулы іс-шараға сәйкес кадр резерві жасақталмақ. Биыл «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы» оперативтік кадр резерві бойынша пилоттық жобаға қатысады.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғам Басқармасы жастар саясатының ұжымымыздағы әлеуметтік-психологиялық тұрақтылықты сақтаудағы рөлін жақсы сезінеді. Сол себепті компанияның Жас мамандар кеңесіне қажетті деңгейде көңіл бөліп, жас мұнайшылардың игі бастамаларын әрдайым қолдай беретін боламыз.

**- Сұхбатыңызға рахмет! Алдағы уақытта да өздеріңіз басқарып отырған компанияның қызметі жемісті болуына тілектеспіз.**





*Жемқорлыққа тосқауыл*

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРАЙЫҚ

**2017 жылдың 16 наурызы күні компания бас офисінің мәжіліс залында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильдік тобының азаматтарды қоғамдық қабылдауы болып өтті.**



Азаматтарды қабылдау компания қызметкерлерімен кездесу форматында өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильдік тобының құрамында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Ерлеген Меңдалиев, «Нұр Отан» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы ұйымдастыру-бақылау жұмыстары бөлімінің консультанты Есберген Іңірбайұлы және «Жаңару» республикалық қоғамдық бірлестігі Маңғыстау облыстық филиалының басшысы Пірмағанбет Әбіловтер болды.



Негізгі мақсаты - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ұжымының арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылатын мобильдік топтың компания қызметкерлерімен кездесуін адам ресурстарын басқару және әлеуметтік саясат департаменті әлеуметтік саясат бөлімінің бастығы Қымбат Иманқұлова ашып, жиналғандарды топ мүшелерімен таныстырды.

Топ жетекшісі Ерлеген Меңдалиев өз сөзін кездесуге қатысушыларға атқарылып жатқан шараның мақсаттары мен міндеттері туралы түсінік беруден бастады. «Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жеке кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл келеңсіздіктің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Бәріміз бір адамдай атсалысып, жемқорлыққа қарсы жұмылуымыз қажет» - деді ол өз сөзінде. Ерлеген Меңдалиев жиналғандарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға әрбір азаматтың қатысуының нәтижесінде қол жеткізуге болатынын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың жолдары туралы айтып берді.

Өз кезегінде «Нұр Отан» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы ұйымдастыру-бақылау жұмыстары бөлімінің консультанты Есберген Іңірбайұлы «Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Ол біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, қарапайым халық парақорлықпен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет», - деп атап өтті.

«Жаңару» республикалық қоғамдық бірлестігі Маңғыстау облыстық филиалының басшысы Пірмағанбет Әбілов жиналғандарға Елбасының жемқорлыққа қарсы күресте жүктеген тапсырмаларын орындау мақсатында 2014 жылы ашылған «ЖАҢАРУ» қоғамдық бірлестігінің облыстағы филиалының қызметі туралы баяндап берді. «Бүгінде біз Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстағы департаментімен ашық келісім жасап, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын пәрменді жүргізуге уағдаластық. Жемқорлықтың салдарынан орын алған келеңсіздіктерді қоғам талқысына салу пайдалы. Себебі, осындай ашық талқылаулар ғана көпшіліктің сыбайластыққа қарсы иммунитетін күшейтеді» - деді ол.

Кездесуде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы бейнеролик көрсетіліп, жиынға қатысушыларға азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға қатысуы туралы парақшалар таратылды. Жиын соңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мобильдік тобының мүшелері компания қызметкерлерінің қойған сұрақтарына жауап берді.

**С.Галидуллин**

*Наша безопасность*

# ЗДОРОВЬЕ РАБОТНИКА – ГЛАВНЫЙ ПРИОРИТЕТ!

**Лаборатория производственной санитарии и гигиены труда (ЛПС и ГТ) входит в состав Департамента техники безопасности, охраны труда и охраны окружающей среды АО «Мангистаумунайгаз». В настоящее время в ЛПС и ГТ работает 9 человек. Сама лаборатория состоит из группы по испытаниям вентиляционных систем (ГИВС) и промышленно-санитарной группы.**



Основной задачей ГИВС является обеспечение постоянного контроля за эффективностью работы вентиляционных систем на объектах Общества. Эффективная работа вентиляционных систем обеспечивает нормальные условия труда на рабочих местах по таким показателям, как запыленность, загазованность воздуха рабочей зоны, а также температура и относительная влажность воздуха. Неблагоприятные условия воздушной среды могут отрицательно влиять на состояние технологического оборудования и строительных конструкций, но кроме этого могут вызвать нарушение здоровья работающих и понижение производительности труда. Если учесть, что сейчас в АО «Мангистаумунайгаз» эксплуатируется 860 единиц вентиляционного оборудования, то нетрудно представить, что двум работникам ГИВС скучать не приходится. В течение года нужно провести не только обследование всех систем, но и провести технические (аэродинамические) испытания: измерить скорость движения и давление воздуха, частоту вращения двигателей, все это сравнить с проектными показателями и выдать заключение об эффективности работы систем.

Не менее важным направлением работы ЛПС и ГТ является осуществление производственного лабораторного контроля условий труда наших работников. Приборный парк лаборатории позволяет проводить замеры шума, вибрации, освещенности, загазованности и запыленности на рабочих местах, а также определять показатели микроклимата: температуру, относительную влажность и скорость движения воздуха. Трудовым кодексом Республики Казахстан предусмотрено создание работодателем технических, санитарных, гигиенических, производственно-бытовых и других условий труда, соответствующих нормативным документам РК. Контроль за выполнением работодателем этих условий и осуществляет ЛПС и ГТ. Делать выводы об эффективности работы любого человека, организации или предприятия необходимо по конечному результату их работы. Конечным результатом работы лаборатории является улучшение санитарно-гигиенического состояния объектов Общества. В настоящее время практически все объекты АО «Мангистаумунайгаз» обеспечены необходимым набором санитарно-бытовых помещений и устройств: раздевалками, душевыми, умывальниками, шкафами для хранения специальной и верхней одежды. Учитывая суровый климат нашего полуострова и крайне высокую температуру воздуха в летний период, наличие установок кондиционирования воздуха – непременное условие создания нормальных условий труда и полноценного отдыха наших сотрудников.



Сейчас на каждой групповой установке (ГУ) месторождений Каламкас и Жетыбай в операторных установлены кондиционеры. Ежеквартально работниками лаборатории проводятся обследования всех объектов месторождений и регулярно выдаются предписания о необходимости ремонта или замены неисправных кондиционеров.

Большое внимание уделяется контролю за состоянием освещенности рабочих мест. Не каждый знает, что даже если осветительные лампы в светильниках работают, то со временем уровень освещенности рабочих мест постоянно снижается. У каждой лампы есть ресурс времени, в течение которого она создает нормальную освещенность в помещении. По истечении этого времени уровень освещенности неуклонно снижается и без лабораторного контроля (замеров) невозможно судить о соответствии освещенности санитарным нормам. Вот этот контроль и осуществляет наша лаборатория. Как результат работы – в 2016 году только 0,2% замеров освещенности не соответствовало требованиям санитарных норм. Во всех случаях были выданы предписания о ремонте и очистке светильников, замене ламп с последующими контрольными замерами.

Невозможно без проведения замеров определить и соответствие уровня шума на рабочих местах требованиям действующих норм. Зачастую к повышенному уровню шума приводит износ технологического оборудования, а также ослабление крепления на конструкциях шумогенерирующего оборудования. Вовремя проведенные замеры позволяют устранить эти нарушения.

Не могу не отметить и того факта, что со временем изменяется отношение работников Общества к нашей работе. Сейчас при проведении обследований и замеров на объектах Общества в нас видят не только представителей контролирующего органа, который может наказать, но и коллег, которые могут реально помочь в улучшении условий труда. И благодарность работников Общества за наш труд – это наивысшая награда за нашу работу.

***Е.И.Шмаков,***
***заведующий лабораторией производственной санитарии и гигиены труда ДТБОТиООС***

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# Наурыз құтты, Ұлыс оң болсын!



Наурыз - шығыс елдерінің бүкіл халықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Ата-бабаларымыз бұл күнді табиғаттың ерекше белгілерін ескере отырып белгілеген. Наурыз айын ерекше қасиеттері бар ай ретінде бағалаған. Күн мен түн теңелетін күн, төрт түлік мал төлдейтін ай, табиғаттағы барлық жәндіктер мен өсімдіктерге жан бітетін ай, Самарқанның көк тасы жібитін күн.

Сол себептен де табиғаттың тылсымы мен ғалам ғажайыптарын терең ұғына білген ата- бабаларымыз бұл күнді Жыл басы деп есептеген.

Наурыз татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыт пен шаттықтың мерекесі. Наурыздың айырықша тәлім - тәрбиелік, үлгі – өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының түрлері көп. Оның бәрі әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырымдылыққа, көрегенділікке, ізгілік пен білімділікке баулиды. Наурыз мерекесін асыға күтетініміз, ерекше даярланатынымыз содан болса керек.

Әз – Наурыз, Амал мерекесін «Oil Services Company» ЖШС қызметкерлері де асыға күтті. Орталық кеңсе ауласына ағаш үйлер тігіліп, мал сойылып, қазан асылып қызу мереке өтіп жатқан кезде, өндіріс орындарында да амал мерекесі тойланып жатты.

«ҚазМұнайГаз» ҰК еншілес компаниялары мен жергілікті кәсіподақ ұйымдарынан қонақтар шақырылып, құшақ жая көрісіп, «АНС», «ОТК», «ОСС» «МЭМ», «МТК» және тағы басқа Серіктестік басшылары жақсы тілектерін тілеп, алғыстарын айтып жатты.

Серіктестік қыз-келіншектері дайындаған дастарханындағы қазақтың ұлттық тағамдары- Наурыз көже, бауырсақ ,шұбат, қазы-қарта, құрт –ірімшік, балқаймақ және тағы да басқа көптеген тағамдарының өзі біздің салт - дәстүрімізге деген ерекше сый-құрметімізді білдірген еді.

Серіктестік өнерпаздарының орындауларындағы күмбірлеген күйлері, сазды әндері, жыр-термелері әрбір жанға мерекелік көңіл күй сыйлап, шат қуанышқа бөледі.

Қазақтың әдемі ұлттық киімдерін нақыштаған жігіттер мен қыздар, қырдағы бүршік жарған қызғалдақтай көздің жауын алғандай болды.





Шашбауларын сылдырлатып шай құйып зыр жүгірген жас келіндердің өзі қазағымыздың мерейін бір өсіргендей.

Мереке-той арасында қазақтың ұлттық киімі мен арқан тарту сияқты қызықты жарыстар өткізіліп, жүлделі орындар бөлінді. Осы мерекені ұйымдастыру мен ойдағыдай өткізу үшін ат салысқан Серіктестік қызметкерлеріне алғыс шексіз.

***Кең болсын қазағымның керегесі,***
***Кетпесін Алла берген берекесі,***
***Алаштың баласына нәсіп болған,***
***Құтты болсын НАУРЫЗ мерекесі!***

**Құрметті мұнайшылар!**

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Ақтың молаятын, Жарықтың ұзаратын, Нұрдың молығатын, Тіршіліктің жаңаратын, Өмірдің жаңғыратын, Пейілдің түзелетін, Көңілдің кеңитін кезеңі - наурыз мейрамы құтты болсын! Бұл күн дәстүрлі құндылықтар аясында бірігіп, игілікті жаңа бастауларға ниет білдірудің нышаны. Күннің алғашқы нұры әрбір шаңыраққа бақ береке, өзара түсіністік пен болашаққа деген сенімділік әкелсін!

Құрметті әріптестер, дендеріңізге саулық, мол бақыт және жаңа жеңістер тілейміз! Ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасы гүлдене берсін!

**А.Алдабергенова,**
**«Oil Services Company» ЖШС әлеуметтік саясат бөлімі инженері**






*Амал келді – жыл келді!*

# ЖЫЛ БАСЫ – ТОЙ БАСЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы естеліктерінде сегіз күндік Наурызнама тойында болғанын айтып кеткеніндей, жаңа жылдың келуі көктемде тойланып, бірнеше күнге созылған. Жерімізге Жыл басы тойының беташары - Амал кірді. «Бабаларын қалтықсыз қастерлей алған халық, балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақшы» деген Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлағатты сөзінде терең мән бар. Ұлы далада ата-бабаларымыздан қалған рухани мұраны қастерлеп, салт-дәстүр шынжырын үзбей жалғастырып келе жатқан халқымыз болашақ мәңгілік ел азаматтарының ұлттық санасын тәрбиелеу үшін баға жетпес үлгі көрсетуде.



«Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлері де Ұлыстың ұлы күнін жақсы көңіл-күйде ұйымшылдықпен қарсы алды. Ұлттық киім киіп жасанған қыз-келіншектердің сән-салтанаты бұл күннің басқа күндерден ерекше екенін айқындай түсті. Жұмыс күнін жыл басына құтты болсын айтып, кәсіпорын басшысымен, жасы үлкендермен көрісумен бастаған қызметкерлер ұлы тойдың басталғанын паш еткендей. Жұмыс қалпымен жүріп жатқанмен мерекелік көңіл-күй, жадыраңқы жақсы леп соғып тұрғандай әсер қызметкерлер жанын жадыратып жіберді.

Кәсіпорындағы жас мамандар кеңесінің мүшелері бүкіл еліміз үшін Бірліктің ұран оты жағылатын «Отпан тау» тарихи-мәдени кешенінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қарасты кәсіпорындардың басқа жастарымен бірлесіп, Амал – көрісу күніне арналған ұлы дүрмекке атсалысты: алыс-жақын шетелден келген қонақтарды күтісіп, игілікті іске қолдан келген көмектерін көрсетті.

Ұлыстың ұлы мерекесі ұлан-ғайыр даламызда бірнеше күнге созылатыны сияқты біздің бірнеше құрылымдық бөлімшелерден тұратын ірі ұжымымыз Наурыз мейрамын Қаламқас, Жетібай кен орындарында 24, 26 наурыз күндері атап өтпекші. Вахта ауысып, қызметкерлердің төрт көзі түгелденетін мезгілде қазақ үйлері тігіліп, еңбек ұжымы Серіктестік басшылығы мен әкімшілік басқару аппаратымен бірге бір атаның балаларындай кең дастарханда бас қосады. Наурыз айында өтіп жатқан кіші футбол, волейбол, шахмат, дойбы, бильярд, үстел теннисінен ақтық жарыстар, қол күрес, кір тасын көтеру, арқан тарту сияқты ойындар өткізіліп, қорытындылары бойынша жеңімпаздар марапатталып, кәсіпорын қызметкерлері арасынан шыққан өнерпаздар концерт береді.



Жылда асыға күтетін, жапан далаға жан бітіретін, барлық ұлыс пен ұлт өкілдерінің басын қосып, татулығымыздың берік негізін көрсететін көктем мерекесі – жайма-шуақ Наурыз мейрамы құтты болсын!

Бабаларымыз Ұлыстың Ұлы күні деп санап, алысты жақындатып, жақынмен қауышып, бір-бірінің қателігін кешіріп, болашаққа, жасампаздыққа қарай ұмтылатын күннен басталған тауық жылы әрбір шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонғай! Ырыс-дәулетіміз мол болғай!

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

# Қош келдің, Әз Наурыз!



Әз Наурыз мерекесімен бірге тарих қойнауына тағы бір жылымыз жол тартып, тағы бір жыл табалдырықтан аттайды. Жаңа күн төңірекке нұр-шапағатын төгеді. Жер бетіне жақсылық ұялаған күнді қарсы алайық.

Адамзат өзін табиғаттың төл перзенті деп санайды. Табиғаттан құдіретті не бар дейсің. Адамдар табиғатқа тәуелді. Біздерге жарық күн, кең дала, асқар тау, жасыл орман, айдын көл... сыйлағаны үшін де оның алдында қарыздармыз.



Сол жарықтық табиғаттың түлеп, жаңаратын шағы – осы Наурыз. Жер-ананың тоң кеудесі жібіп, сұлу бір күйге енеді. Күн мен түн теңеледі. Жан-жануарлар төлдерін өргізеді. Жер үстіне тілмен айтып жеткізгісіз керемет бір шаттық орнайды. Жаңа күн деп жар салатын қуанышымыз - Наурыз мерекесі –Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге қайта жаңғырып, барлық қазақстандықтар үшін жалпы халықтық сүйікті мерекеге айналды. Көктемнің осы бір шағында табиғат қана түлеп қоймай, қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігі мен түсіністігін нығайтатын адам баласының да жан-дүниесі жаңара түседі.

Наурыз – бұл тек көктемнің ғана емес, бұл ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Ұлыстың осы бір ұлы күні адамдар бір-біріне деген өкпе-реніштерін ұмытып, кешірімге келіп, татуласып, табыса білген. Мұның бір жарқын айғағы – наурыз айында келетін Амал мерекесі. Халқымыз мол дастарқанын жайып, ақ жарқын көңілмен жүздесіп, дәм татысып, өткен-кеткеннен сыр тартып, барша адам баласына жақсылық, аманшылық тілеп, жастарға ақ баталарын берген.

Қазақстандағы жүздеген ұлт пен ұлыстардың өкілдері бір-бірімен тату-тәтті, берекелі өмір сүріп жатыр. Әз Наурыздың адам баласын ізгілік пен сыйластыққа, ынтымаққа тәрбиелейтін тереңнен тартар ежелгі қасиетін біз өскелең ұрпақтың бойына дарытуға, оны өз өміріміздің салтына айналдыруға міндеттіміз.

Олай болса көктемнің шуақты күндеріндей жарқырап жеткен мереке - Наурыз мейрамымен баршаңызды шын жүректен құттықтаймыз.

Наурыз күні ойға алған барлық арман-мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталуға жазсын!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

**Ізгі тілекпен,**

**«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС ұжымы**

# Армысың, Амал!



«Бүгінгі күн – ертеңгі тарих» демекші, айтулы ескі 2016 жылды артқа тастап, көктің тынысын тыңдап, Жер-Ананың тамырын басып қазақ даласына әз - Наурыз да келіп жетті. Өмірдің тұрмыс-тіршілігін табиғатпен тығыз ұштастырған әз-Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп білемін. Кең-байтақ қазақ даласындағы кең пейілділік пен ауызбіршілік, жасампаздық пен ізгілік Жаңа жылмен, Жаңа Күнмен келіп, жыл санап нығаюда. Олай болса, Наурыз – жыл басы, ол достықтың, еңбек пен мейірімділіктің нышаны.

Ақтың молайып, тіршіліктің жаңарып, пейілдер кеңейетін осындай Наурыз мейрамы «Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде наурыздың 14-ші жұлдызында ұйымдастырылған дәстүрлі Амал мерекесінен бастау алды. Таңертеңмен басқарма ғимаратына енген мекеменің әрбір қызметкерін серіктестік басшылығы қарсы алып, көпшіліктің әрқайсысымен қол алысып, жиналған барлық ұжым мүшелерін Амал мейрамымен құттықтады. Одан соң барша ұжым мүшелері дәлізде жайылған дастархан басындағы ақтан дәм татып, ұжым ақсақалдарының баталарын алды. Осындай ақ батамен енген Амал мерекесін мекеме кәсіподағы «Қош келдің, әз-Наурыз - 2017!» атты дәстүрлі мәдени-спорттық мерекеге жалғастырып алып кетті. Дәстүрлі шарада түрлі ұлттық ойындар, көркемөнерпаздар өнері, ұлттық киімдер, бата-тілек сайыстары, шеберлер көрмесі жиналғандарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Сонымен қатар дәстүрлі жаңа жылды серіктестіктің өндірістегі мекеме жұмысшылары да еңбектегі жоғары көрсеткіштерімен қарсы алып, қазыналы түбектің «қара алтынын» өндіруге сүбелі үлестерін қосуда. Өткен жылдың қорытындылары және қазіргі атқарылып жатқан қызметтер бойынша серіктестіктің өндірістік бағыттағы қызметтерінің атқару мерзімдері және сапалары бойынша тапсырыс беруші «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен басқа сервистік компаниялар тарапынан талаптар түскен жоқ.

Сондай-ақ мекеме әкімшілігі қазіргі экономикалық дағдарыс жағдайларына қарамастан барлық ұжым жұмыскерлеріне айлық еңбекақыларын және кезекті сыйақыларын уақытында төлеп, Ұжымдық шарт міндеттемелерінің тиісті барлық әлеуметтік көмектерін көрсетуде. Серіктестіктің жергілікті кәсіптік бірлестігінің төрағасы С.Қ.Жомартовтың ұйымдастыруымен, мекеме Жастар Кеңесі мен «Нұр Отан» партия мүшелерінің қолдауымен ұжым мүшелері арасында жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау мақсатында дәстүрлі мәдени шаралар, түрлі тақырыптағы тренингтер, спорттық сайыстар өткізілуде. Әрине, осындай атқарылған шаралардың нәтижесінде Серістестік жұмысшыларының әл-ауқаты жақсарып, ой –өрістері кеңейді, жұмыскерлердің өз қызметтеріне деген құлшыныстары артты. Еңбек адамдарын материалды-моральдық тұрғыдан қолдау, Серіктестіктің алға қойылған өндірістік міндеттемелерінің сапалы орындалуы, әрине ұжым мүшелерінің сөздері мен істерінің бірлігінің, ынтымақтастығы мен ауызбіршілігінің нәтижесі деп санаймын.

**Құрметті «Маңғыстауэнергомұнай» серіктестігі ұжымы және барша халайық!** Қазақ даласына енген ұлттық мереке - Наурыз мейрамы құтты болсын!

Қайырымдылық пен имандылықтың, бірлік пен достықтың жаршысы болған Ұлыстың ұлы күні бастарыңызға амандық, шаңырақтарыңызға құт – береке әкелсін!

Ортақ мақсатқа, бір мүддеге жұмылған ортақ шаңырағымыздың келешегі үшін еңбектенген жұмыстарыңыз табысқа толы болғай!

**Н.Р.Қосбаев,**
**«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС**
**Бас директоры**




*Құлақтан кіріп, бойды алар...*

# ҚАЛАМҚАС КЕШТЕРІНЕ 2-ЖЫЛ!



**Маңғыстаудың ойынан жыр мен күйдің жасынын ойнатып, салдық пен серілікті әнмен әдіптеген Бес Жүйрік, Жеті қайқы, бұлбұл мен дүлдүлдің сарқытын, дәстүрдің алтын арқауының бүгінге дейін жеткенін көргенде ел іші – өнер кеніші деп жататын қағиданың дұрыстығын еріксіз мойындайсың. Қасиет-топырақтан.**

Осыдан екі жыл бұрын мұнайшы-әріптес жігіттердің бастамасымен қолға алынған жоба 26 ақпан күні өзінің екі жылдығын атап өтті. Аз уақыттың ішінде 6 рет кеш өткізіп, алып шаһарға дейін атағы аспандаған Еділ мен Райымбекті бүгінде күллі Қаламқас таниды. Таныса танитындай-ақ... Бірі облыстық айтыс аламандарында топ жарса, енді бірі жыр додаларының жүлдесін бермейтін жігіт.




**Еділ Бекмұрат:**

– Алғашында ұсынысымызды Қаламқас басшыларына айтып көріп ек, олар бірауыздан қолдай кетті. Қуандық. Қолымыз босағанда қалашықты аралап жарнама қағаздарын ілетінбіз. Сондағы мақсат – таңның атысы, кештің батысы қазына іздеп қажыған халыққа әсем ән, күмбез күй сыйлап, көңілдерін ауламақ ниет еді. Ниетіміз шындыққа айналды. Күн өткен сайын қатарымыз өнерпаз жастармен, аға буынмен толықты. Айбек Жұрымбаев, Сәндібек Сариев, Наухан Ескендір, Әбу Дүйсенбай, Қойбағар Тәжібаев, Асқар Тілеуов, Қайрат Аманқосов секілді таланттарды таптық.

**Райымбек Түзелов:**

– Алла аузына сөз салған, алқалы топтың алдында шешіліп,көсіліп сөйлейтін тектілердің жұрнағымыз ғой. Өнер десе өліп кетуге бармыз. Таңды таңға ұрсақ та, жақсылар айтқан өсиет-өнегені құлаққа құйып, сүйекке сіңіруге тырыстық. Нәпақа іздеп Қаламқасқа келгенімде өнер деген ортаны таппай аласұрған жәй болды менде. Күндегі күйкі тірліктің қамыты қажытты ма, шығармашылық ауаны іздей бастадым. "Инені сабақта - сәтімен" демекші, Еділ жолығып, осы жобаны қолға алдық.

"Елге болсын" дейтін екі жігіттің таудай талабы мен есеігі еңбегін "Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармасының әлеуметтік мәселелер бөлімінің бастығы Жалғас Сабыртаев та тілге тиек етті. Кеш ақжарқын тілек, ыстық ықыласқа толы болды. Күмбірлеп күй төгілді, әуезді ән шырқалды. Қағытпа әзілдерімен елдің ішек-сілесін қатырған Қайрат Аманқосовтың өнеріне қуана қол соқтық. Қошемет көрсеттік. Кеш соңында Қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімінің қызметкері Қуанова Надя сөз алып, "жыл сайын, тіпті ай сайын өтетін кешті өз басым асыға күтемін. Бұл күн – мерейіміздің өскені, мерекеміздің тасығаны деп білем. Қазақы қалжың, ән мен жырға сусап жүр ек, бүгінгі кеш сағынышымызды басып, сусынымызды қандырғандай марқайып тұрмын. Жастарға барлық мұнайшылар атынан алғысымды айтамын",- деді.



Республикаға танымал айтыскер ақын Нұрлан Мұсаев, Әнуар Бимағанбет, Нұрғұл Маулина, Жұмағұл Мұрсалова, Маңғыстау әзілдерін жинақтаушы, балалар жазушысы Ерекен Қорабаев, бард-әнші, сазгер Табылды Досымовтың мұрасын насихаттаушы Айгүл Құбаш секілді өнер тарландарының табаны тиген мұнайшылар қалашығы осылайша рухани кештің ұстаханасына айналды.

**Жаннат Кемал**

*Өнерлі өрге жүзеді*

# САРЫАРҚАНЫҢ ТӨСІНЕН ӘН ҚҰЛАДЫ

**Тауық жылы өндіріс пен өнерді құстың қос қанатындай етіп, елдің ықыласына бөленіп жүрген өнерпаз мұнайшылар үшін қызықты сахналық қойылымдар мен концерттік сапарларға толы болғалы тұр. Күллі әлемге жылулық сыйлай келген жаңа маусымды Маңғыстау өнерінің қарашаңырағы – Абай атындағы мәдениет сарайында өткен «Анаға сәлем!» атты ретро-концертпен қарсы алған жас өнерпаздар, Ұлыстың Ұлы күніне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бас ғимаратында Ұлттық Компанияның 15 жылдық мерейтойын атап өту аясында өткізілген мерекелік концертпен қарсы алды.**




Арнайы шақыртумен алыстан ат салдырып алынған өнерлі мұнайшылардың арасында төл әріптестеріміз Айбек Жұрымбаев, Махинұр Ерғали, Сахи Нұртілеуов, Азамат Айтпаев пен еншілес-серіктес компания қызметкерлері Айсұлу Есниязова («ҚазақТеңізКөлікФлоты» ЖШС), Әсет Нұрсебепов («ОКК» ЖШС), Жаңалық Бисенқұл («ОТК» ЖШС) мен Әнес Қарабасов («Өзенмұнайгаз» АҚ) бар. «Бәрін айт та бірін айт» демекші, кәсіби





орындаушы болмағанымен талай сахнаның төрінде өнерден шашу шашып, әбден төселген мұнайшылар бұл жолы да шараны асқан абыроймен алып шықты. Күмбірлеген күй де, әуелеген ән де тыңдаушының талғамына сай келіп, әрбір концерттік нөмір дуылдаған қошемет пен қызылды-жасылды гүл шоқтарымен көмкеріліп жатты. Шара соңында, осы сөзіміздің дәлелі іспетті, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаев мырза сахнаға көтеріліп мұнайшы жастарға алғысын айтып, өз атынан естелік сыйлықтар табыстап, «Кәсіби орындаушы болмағандарыңмен, сол кәсібилік деңгейден артық түспесеңдер кем түспейсіңдер. Ендігі жерде «ҚазМұнайГаз» өз шараларында тек өз таланттарын ғана тамашалайтын болады», - деп мұнайшы-өнерпаздардың мерейін асқақтатып, шараның бағасын берді. Демек, өнерпаз



жастар шара ұйымдастырушыларының да, концерт көрермендерінің де көңілінен шықты десек, асыра айтқанымыз болмас...

Сөз соңында, мүмкіндікті пайдалана отырып, бір-екі ауыз алғыс айта кетуді жөн көріп отырмыз! Өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету жолында сол процеске жұмылдырылған әрбір маманның өзіндік орны бар екені сөзсіз. Сол себепті, қажеттілік туындағанда, түрлі мәдени-көпшілік шараларға қатысу үшін өнерпаз мамандарды, жалпы жастарды негізгі қызметінен босата отырып, бар жауапкершілікті өз мойнына алудан жалтармайтын кісілігі басым басшыларға - Компания Басқарма мүшелеріне, департамент, сондай-ақ өндірістік құрылымдар мен цех жетекшілеріне түсіністік пен сабырлық танытқандары үшін, сайып келгенде ортақ мүддеміздің қорғалып, Компания абыройының асқақтауына қосқан үлесі үшін үлкен алғыс білдіргіміз келеді! Еңбектеріңіз жемісті, бейнеттеріңіз зейнетті болсын!

**Ғ.Әбдісадық**




Мұнайлы Өлке

**Меншік иесі:**
**"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ**

Редактор: **Есназар Сұлтанов**

Редакция алқасы: **Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова, С.Ғалидуллин, Е.Қонақбаева**

Дизайнер-беттеуші: **Е.Айтбаев**

**Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-601 212-603, 212-606**

**Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады**

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген**

- **Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді**
- **Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды**
- **Жарияланған материалдарға сілтемесіз көшіріп басуға болмайды**

**Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілді, беттелді.**

**Индексі: 64265**

**"ATIS" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500**